ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 5 қыркүйек №4712-24-00-2/3110 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.О.Метеркулова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№60 «Ертөстік» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"DI Building01" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1 .Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал осы Кодекстің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 616-бабының талабына сәйкес мердігерлік шарты бойынша бір тарап (мердігер) екінші тараптың (тапсырысшының) тапсырмасы бойынша белгілі бір жұмысты атқаруға және белгіленген мерзімде оның нәтижесін

тапсырысшыға өткізуге міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыс нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге (жұмыстың бағасын төлеуге) міндеттенеді. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс мердігердің тәуекелімен орындалады.

Сотта анықталғаны, 2024 жылы 20 маусымда тараптар арасында құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №68 шарт жасалды. Шарттың жалпы сомасы 16 451 680 теңгені құрайды. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 1 қосымшасына сәйкес, жауапкер бөбекжайдың жылу желілеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын 30 күн ішінде, яғни 2024 жылдың 30 шілде айына дейін жүргізуге міндеттенген. Жөндеу жұмыстарын бастап, ескі жылу батареяларын орнынан алып тастаған. Алайда, жаңа жылу батареяларын орнатпай, жұмыстарын тоқтатқан.

Шарт бойынша міндеттемесін орындамау, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі-Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасымен қамтылған салдарға әкеледі.

Осы Заңның талабына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің талап қоюшы алдындағы міндеттемесінің орындалмағандығы тараптар арасындағы шартпен, жөндеу жұмыстарын жүргізгенін растайтын құжаттардың жоқтығымен дәлелденеді.

Сот шешім қабылдағанда, жауапкердің бөбекжайдың жылу жүйесіне жөндеу жұмыстарын жасауға міндеттеме алып, оны орындамай, жылу маусымы жақындаған кезде бөбекжайды жылусыз қалу қаупін тудырғанын ескереді.

Сонымен бірге, осы соттың өндірісінде жауапкерге қатысты осы санатта тағы да 7 азаматтық іс қаралып жатқанын назарға алады.

Мұндай жағдайда, сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп табады.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабының талабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 8.4 тармақшасына сәйкес өнім беруші жұмыстарды орындаудан бас тартқан немесе шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі өткен күннен бастап бір ай мерзімде, бірақ шарттың қолданылуы аяқталу мерзімінен кешіктірмей жұмыстарды орындау мерзімін кешіктірген жағдайда,

Құжатқа қол қойылған: Метеркулова Г. О., 26.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 04.11.2024, судья Метеркулова Г. О., 05.11.2024
4712-24-3-1/2846

орындаушыдан мерзімін кешіктірген әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіре отырып, шартты біржақты тәртіпте бұза алады.

Талап қоюшымен келтірілген тұрақсыздық айыбының есебі мынандай:

16 451 680 х 0,1 % х 16451,68 х 35 күн = 575 808 теңге.

Айыппұлдың кешіктірілген күндер есебі, көлемі, келісім шарт және Заң талаптарына сәйкес келеді.

Мұндай жағдайда, сот талап қоюшының талабының жауапкерден мемлекет пайдасына 575 808 теңге тұрақсыздық айыппұлын өндіру туралы бөлігі қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

Істің бұл тұрғысында, сот, талап қоюшының талабы толығымен қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігінің талабына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 1846 теңге мемлекеттік баж алымы өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 236, 267-5, 223-226, 229 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою –қанағаттандырылсын.

"DI Building01" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"DI Building01" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 575 708 (бес жүз жетпіс бес мың жеті жүз сегіз) теңге тұрақсыздық айыппұл, 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Г.О.Метеркулова

Құжатқа қол қойылған: Метеркулова Г. О., 26.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 04.11.2024, судья Метеркулова Г. О., 05.11.2024

Құжатқа кол қойылған: Метеркулова Г. О., 26.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 04.11.2024, судья Метеркулова Г. О., 05.11.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»